

**6D030100 - «Құқықтану» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) ғылыми дәрежесін алу үшін дайындалған «Қазақстан Республикасының экологиялық құқығының халықаралық қайнар көздері» тақырыбына жазылған Рзабай Ақтоты Иманғазықызының диссертациясына**

## **РЕСМИ РЕЦЕНЗЕНТТІҢ ПІКІРІ**

### **1. Зерттеу тақырыбының өзектілігі, оның жалпы ғылыми, жалпы мемлекеттік бағдарламамен (практикалық және ғылым мен техниканың дамуының сұраныстарымен) байланысты.**

Қазіргі өркениетке тән ғаламдық проблемалардың туындауы салдарынан бір-біріне тәуелді әлемде адамзаттың неғұрлым өзекті мәселелерін мемлекетаралық реттеудің рөлі ерекше айқын көрініс табуда, олардың қатарына, әрине, ең алдымен қазіргі және болашақ ұрпақтың игілігі үшін сақтау мақсатында қоршаған ортаны қорғау және табиғатты пайдалану мәселелерін жатқызуға болады.

Ізденушінің диссертациялық жұмысының өзектілігі қоршаған ортаны қорғау мен табиғи ресурстардың көздерін қолдану жөніндегі қатынастарды реттеуде халықаралық шарттық нормаларды қолдану тәжірибесіне ғана емес, сондай-ақ, оның теориясына да негізделеді. Халықаралық-құқықтық құжаттардың мазмұнын анықтау оларды экологиялық құқықтың қайнар көздеріне жатқызудың мүмкіндігін анықтайды, бұл экологиялық құқық мәселелерінің теориялық дамуы үшін, сонымен қатар біздің еліміздің халықаралық экологиялық міндеттемелерін іс жүзінде жүзеге асыру үшін маңызды. Бұл құқық қолдану тәжірибесі үшін, әсіресе, халықаралық-құқықтық актілердің ұлттық заңнамадан басымдығы бар және тікелей қолданылатын жағдайларда маңызды болып табылады.

Ізденушінің ұсынып отырған зерттеу жұмысында мемлекеттің табиғи ресурстарға иелігі және дербестігі принципінің халықаралық деңгейде экологиялық қауіпсіздікті қамтамасыз ету үшін мемлекеттердің құқықтары мен міндеттерін анықтауда ғылыми пайымдалуы және «ерекше» ұстанымды талабы, сондай-ақ, теориялық және тәжірибелік мәселелеріне жан-жақты жоғары деңгейде талдау жасалынған. Бір жағынан, мемлекеттердің өз экономикалық және экологиялық саясатын жүргізуге, соның ішінде өздерінің табиғи байлықтарын сақтау мен пайдалануға және олардың табиғи ресурстарына еркін иелік етуге құқығы бар болса; екінші жағынан, мемлекеттердің іс-әрекеттерінің еркіндігін шектейтін міндеттемелер мен міндеттер туындаған.

Зерттеу жұмысы алдына қойылған мақсатына жеткен, ғылыми тұрғыда маңызды және мазмұнды зерттеулер қатарына жатады.

### **2. Диссертацияларға қойылатын талап деңгейіндегі ғылыми нәтижелері.**

Диссертациялық зерттеудің авторы қорғауға бірнеше ғылыми нәтижелерін ұсынады, соның ішінде жаңа болып мыналарды атауға болады.

**Бірінші ғылыми нәтиже.** Қазақстан Республикасының қолданыстағы экологиялық заңнамасына халықаралық экологиялық келісімдер нормаларын имплементациялаудың теориялық және тәжірибелік аспектілері зерттеле отырып, ҚР экологиялық құқығының жүйесінде халықаралық қайнар көздерінің қалыптасуы мен дамуына өзіндік ықпалын тигізе білген.

**Екінші ғылыми нәтиже.** Қазақстан Республиканың экологиялық құқығының қайнар көздері жүйесінде халықаралық нормалардың орны мен мәртебесі айқындалған.

**Үшінші ғылыми нәтиже.** Қазақстан Республикасының экологиялық құқығының халықаралық құқықтық қайнар көздерінің ерекшеліктері айқындалып, халықаралық экологиялық шарттың заңдық табиғаты сипатталған.

**Төртінші ғылыми нәтиже.** Қазақстан Республикасында экологиялық құқығы қайнар көздері жүйесінде халықаралық ұйымдардың декларациялары мен қарарларының орны мен маңыздылығы негізделген.

**Бесінші ғылыми нәтиже.** Халықаралық экологиялық міндеттемелерді жүзеге асыруды қамтамасыз етудің мемлекеттік-құқықтық тетігі, оның рөлі мен мазмұны анықтала отырып, осы саладағы Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасы мен мемлекеттік органдардың қызметін жетілдіру жөнінде теориялық тұжырымдар жасалып нақты тәжірибелік ұсыныстар әзірленген.

**Алтыншы ғылыми нәтиже.** Қоршаған ортаны қорғау мен табиғи ресурстарды пайдалану саласында Қазақстан Республикасының әмбебап, аймақтық және екіжақты халықаралық шарттарының мазмұнын талдап, ерекшеліктерін негіздей алған.

**3. Ізденушінің диссертацияда тұжырымдалған әрбір нәтижесінің, (ғылыми қағидасының), тұжырымдары мен қорытындыларының негізделуі және шынайылық дәрежесі.**

Диссертациялық жұмысты жазу барысында жеткен нәтижелердің, тұжырымдар мен қорытындылардың барлығы да ғылыми негізделеді, олардың тәжірибелік қажеттілігі дәлелдеген. Автор ұсынған жаңа шешімдер дәлелденіп, бұрыннан белгілі шешімдермен салыстырылып бағаланған.

Диссертациялық жұмыста ізденуші А.И. Рзабай өзінің алдына нақты мақсат қойып, оны жүйелі әрі ғылыми негізде тұжырымдама жасап, ойын нақты жеткізе білген. Зерттеу жұмысымен таныса отырып, оның авторлық тарапынан тек қана осы бағыттағы заңнамалық және теориялық материалдарды пайдаланып қоймай, оларға қатысты өзінің көзқарасымен

пікірін, ой-тұжырымдарын, қорытындыларын бере алғанын көруге болады.

Диссертация жұмысында тұжырымдалған анықтамалар мен ережелер жалпы экологиялық құқық ғылымы тұрғысынан ғана емес, жалпы адамның табиғи құқықтары тұрғысынан да талданып, сараланып түсіндірілген. Зерттеу жұмысын жазуда автордың өзіндік еңбек еткендігі, нақты тәжірибеге сүйене отырып, өз қолтаңбасы негізінде ғылыми тұжырымдарға келгендігі аңғарылады.

Ізденушінің зерттеу жұмысында келтірген ғылыми нәтижелері мен қорытындыларының жазылу стилі біркелкі, ғылыми академиялық тілдік дәрежеде түсіндіре алған. Ізденуші берген диссертациялық жұмысты жазу барысында жеткен нәтижелердің барлығы да ғылыми негізделеді, олардың тәжірибелік қажеттілігі дәлелденген. Айтарлық, автор халықаралық шарттардың анықтамасын, экологиялық құқықтың қайнар көздерін теориялық тұрғыда қолданыста реттеуді ғана емес, сонымен қатар, құқық салаларына өз ұсыныстарын ұсына отырып ғылыми зерттеулердің нәтижелерін, тәжірибелік мәселелерді зерттей отырып, оның механизмін ұсынуға тырысқан.

Диссертацияда автор теориялық тұжырымдар мен практикалық ұсыныстарды сондай-ақ озық ғылыми зерттеулерді, экологиялық құқықтың халықаралық қайнар көздеріне арналған арнайы жұмыстарды, сондай-ақ, Қазақстан Республикасының басқа елдермен халықаралық экологиялық-құқықтық ынтымақтастығының нысандарына, тетіктері мен қағидаттарына және негізгі қолданыстағы экологиялық шарттардың жалпы сипаттамасына қатысты ережелерін пайдаланып, аталған еңбектерді толық қамти алған.

#### **4. Ізденушінің диссертацияда тұжырымдалған әрбір нәтижесінің, (ғылыми қағидасының), тұжырымдары мен қорытындыларының жаңалық дәрежесі.**

А.И. Рзабайдың «Қазақстан Республикасының экологиялық құқығының халықаралық қайнар көздері» атты диссертациялық зерттеу жұмысы ғылыми жаңалығы ретінде құқық саласында докторлық диссертациялық деңгейінде қазақ тілінде, кешенді түрде экологиялық құқықтың халықаралық құқықтық қайнар көздерінің мәселелерін зерттеуге талпыныс жасауынан көрінеді. Атап айтар болсақ:

**Бірінші нәтиже** - Бұл ғылыми нәтижесі жаңа болып танылады. Себебі автор, Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына халықаралық экологиялық шарттардың нормаларын имплементациялаудың теориялық және тәжірибелік аспектілерін кешенді түрде зерттеген.

**Екінші нәтиже** жаңа болып танылады, себебі бұл нәтиже қоршаған ортаны қорғау мен табиғи ресурстар көздерін қолдану жөніндегі халықаралық заң шығарушылық процестер мен нәтижелердің Қазақстан Республикасының экологиялық құқығының дамуын зерттей отырып, оның іске асыру жолдарын көрсете білген.

**Үшінші нәтиже** жаңа болып танылады, себебі Қазақстан Республикасының экологиялық құқығының халықаралық құқықтық қайнар көздерінің ерекшеліктері айқындалып, атап айтқанда заңдық табиғаты зерттеліп халықаралық экологиялық шарттың авторлық анықтамасын бере алған.

**Төртінші нәтиже** жаңа болып танылады, себебі Қазақстан Республикасының көп қырлы, аймақтық және екі жақты халықаралық экологиялық шарттарының мазмұнын талдау және олардың ерекшеліктерін анықтаған.

**Бесінші нәтиже** жаңа болып танылады, себебі қоршаған ортаны қорғау мен табиғи ресурстарды пайдалану мәселелері бойынша халықаралық ұйымдардың қарарлары мен декларацияларының мазмұнын зерттеп және Қазақстан Республикасының экологиялық құқығының қайнар көздері жүйесінде алатын орны негізделген. Автор оларды қосымша немесе жанама қайнар көздердің санатына жатқызып отыр.

**Алтыншы нәтиже** жаңа болып танылады, себебі халықаралық экологиялық міндеттемелерді іске асыруды қамтамасыз етудің мемлекеттік-құқықтық тетігін зерделеу және осы саладағы қолданыстағы заңнама мен Қазақстан Республикасы мемлекеттік органдары қызметін жетілдіру бойынша нақты ұсыныстар берген.

#### **5. Алынған нәтижелердің ішкі бірлігін бағалау.**

Рзабай Ақтоты Иманғазықызының диссертациясы ғылыми зерттеудің логикасына сай орындалған. Барлық алынған нәтижелер ішкі жүйелігімен және бірлігімен сипатталады. Диссертацияның барлық бөлімдері мен ережелері логикалық түрде өзара байланыста, ғылыми ережелер, алынған нәтижелер мен ұсынымдар диссертацияда қойылған мақсаттар мен міндеттерге сәйкес болып келеді.

Ізденуші диссертациялық зерттеу жұмысы тақырыбына сәйкес жоспар құрылған, құрылымы сәйкес ғылыми нәтижелері мен қорытындылары жүйелі сабақтастықта сипатталады. Бұл диссертациялық зерттеу жұмысында тұжырымдалған әрбір ғылыми нәтижелер мен қорытындыларға келуді бір бағытта жүргізуге мүмкіндік берген.

Диссертациялық жұмыстағы әрбір тарау, тармақшаларға бөліне отырып зерттелген, автор әрбір тармақшалардың соңында тұжырымдар бере алған. Осыған сәйкес диссертациялық зерттеу жұмысын ішкі бірліктегі ғылыми талаптарға сай орындалған жұмыс деп санаймыз.

#### **6. Алынған нәтижелердің практикалық және теориялық маңыздылығы.**

Ізденушінің зерттеу жұмысындағы қорғауға шығарылған қорытындылар мен ұсыныстарды және ережелерді мынандай бағыттарда қолдануға болады:



Біріншіден, Қазақстан Республикасы экологиялық құқығының қайнар көздерінің жалпы жүйесіндегі халықаралық құқықтық нормалардың заңдық табиғатын және ерекше рөлін; бұрын экологиялық құқық ғылымында зерттелмеген халықаралық экологиялық шарттар нормаларын конституциялық-құқықтық қабылдау мәселелерін және халықаралық экологиялық құқық пен ҚР экологиялық құқығының ара қатынасы мәселелерін жақсы түсінуге ықпал етеді. Зерттеудің өзі де, алынған нәтижелер де Қазақстан Республикасындағы экологиялық құқық ғылымының одан әрі дамуына ықпал ететін болады.

Екіншіден, Қазақстан Республикасы экологиялық құқығының жекелеген мәселелерін, оның қайнар көздерін одан әрі ғылыми зерттеуде қолдану мүмкіндігімен сипатталады. Сонымен бірге диссертацияның негізгі тұжырымдары «Қазақстан Республикасының экологиялық құқығы», «Халықаралық құқық» курстарын оқыту процесінде «Құқықтану» және «Халықаралық құқық» мамандықтары бойынша оқитын Республиканың жоғары оқу орындарының студенттері үшін, сондай-ақ ғылыми зерттеулер мен ғылыми құралдарды дайындау кезінде де қолданылуға болады.

#### **7. Диссертацияның негізгі қағидасының, нәтижесінің, тұжырымдар мен қорытындыларының жариялануының жеткіліктігіне растама.**

Диссертациялық жұмысты жазу кезінде анықталған ғылыми ұсыныстар мен қорытындылар, ережелер халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференция жинақтарында, білім және ғылым саласындағы бақылау комитеті ұсынған журналдарда жарияланып, апробациялаудан өткен.

Ізденушінің зерттеу барысында жарияланған ғылыми мақалалары мен өзге ғылыми-зерттеулерінің нәтижесі – 11, оның ішінде Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігі, Білім және ғылым саласындағы бақылау комитеті ұсынған ғылыми баспаларда 3 мақала және Scopus базасына кіретін Journal of Environmental Management and Tourism және Environmental Policy and Law журналдарында 2 мақала, ТМД және басқада шетелдерде өткен халықаралық ғылыми - тәжірибелік конференцияларда 2 мақала, сондай-ақ Қазақстанда өткен халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференцияларында 4 мақала жарияланған.

#### **8. Диссертация мазмұнындағы және рәсімдеуіндегі кемшіліктер мен ұсыныстар.**

Жұмыстың авторы халықаралық ұйымдардың қарарлар мен декларациялары Қазақстан Республикасының экологиялық құқығының қосымша немесе жанама қайнар көздері ретінде ұсыныс жасап отыр. Осыған байланысты терең зерделеу жасау керек еді деп санаймын. Олардың құқықтық табиғатын, орындау кезінде туындайтын құқықтық салдарына баға беру мүмкіндік береді деп ойлаймыз. Мысалы, короновирус пандемия жағдайында Дүниежүзілік денсаулық ұйымының шешімдері Қазақстан Республикасының экологиялық заңнамаларына қандай ықпал етті деген сұрақ туындап отыр.

Құқықтың қайнар көздері ретінде сот прецеденті танылады, осы себепті,

Қазақстан Республикасының құқық жүйесінде Жоғары соттың нормативтік қаулыларымен ара қатынасына тоқтау қажеттілігі бар деп санаймыз.

Жоғарыда аталған ескертулер мен ұсыныстар ізденушінің диссертациялық жұмысының мазмұнын, сапасын және құндылығын төмендетпейді. Зерттеу жұмысындағы нәтижелер мен ұсыныстар Қазақстан Республикасының экологиялық құқығының халықаралық қайнар көздері құқықтық мәселелерді шешуге негіз болатынын байқауға болады.

## **9. Философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін диссертациялық жұмысқа қойылатын талаптарына сәкестігі.**

Диссертациялық зерттеу жұмысының мазмұны мен рәсімделуі 2011 жылғы 31 наурызындағы Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрінің бұйрығымен бекітілген «Дәрежелерді беру ережесі» талаптарына және ғылыми мамандық паспортына сәйкес келеді.

Диссертация Қазақстан Республикасының экологиялық құқығы қайнар көздерінің жалпы жүйесіндегі қоршаған ортаны қорғау және табиғи ресурстарды пайдалану туралы халықаралық құқықтық нормалардың рөлі мен орнын анықтауға арналған, жаңа, ғылыми негізделген ұсыныстарын, қорытындыларын, теориялық және тәжірибелік нәтижелерін қамтитын кешенді зерттеу жұмысы болып табылады.

«6D030100 - «Құқықтану» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін дайындаған Рзабай Ақтоты Иманғазықызының дайындалған «Қазақстан Республикасының экологиялық құқығының халықаралық қайнар көздері» тақырыбындағы диссертациялық жұмысы мақсатына жеткен, берілген нәтижелер мен тұжырымдар жоғары деңгейде жазылған, өзекті тақырып деп тануға болады.

Диссертациялық жұмысқа оң пікірімді бере отырып, Рзабай Ақтоты Иманғазықызының дайындаған «Қазақстан Республикасының экологиялық құқығының халықаралық қайнар көздері» тақырыбындағы диссертациясы қойылған талаптарға сәйкес келеді және 6D030100 - «Құқықтану» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алуға лайықты деп есептеймін.


**Ресми рецензент:**

**Л.Н. Гумилев атындағы**

**Еуразия ұлттық университетінің**

**профессоры, заң ғылымдарының докторы**

**А.А. Мукашева**



« 22 » қазан 2020